



Назарбаев университеті мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ынтымақтастық меморандумына қол қойды

12 маусымда Астанада жоғары білім беру саласы көшбасшыларының II Еуразиялық форумы аясында Қазақстанның екі іргелі оқу ордасы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Назарбаев университеті арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандум рәсімделді. Бұл құжат екі білім ордасының оқытушы-профессорлар құрамының тәжірибе бөлісуіне, сондай-ақ білім және ғылым, оқу жүйесінің түрлі сапалары бойынша екі жақты тәжірибе алмасуға негіз болмақ. Аталған құжатқа екі университеттің басшылары Ғалым Мұтанов және Шигео Катсу қол қойды.

«Қазірдің өзінде Назарбаев университетінде білім берудің озық тәжірибесі жинақталған. Болашақта ол Кембридж, Оксфорд сияқты Қазақстанның дамақтанышына айналады. Сондықтан біз де оның үшжылдық тәжірибесін өзімізге тартып, өнгізуге керек. Біздің университетіміздің 80 жылдық тарихы бар. Ол уақыттың ішінде біздің белгілі бір дәстүріміз қалыптасты. Енді ол дәстүрмен қатар инновацияны да көңілден қолдану қажет. Әрине, біз шетелдік университеттермен еріптестік байланыстар орнатып келеміз. Алайда өзімізде бар тәжірибені үйлестіріп, бірге дамытын болсақ, ұтатын жеріміз көп», - дейді әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғ. Мұтанов.



Назарбаев университетінің президенті Ш.Катсу әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың танымал ғалымдарды ғана емес, сондай-ақ, көрнекті саясаткерлерді, қоғам қайраткерлерін қанаттандырып отырғандығын, Қазақстандағы белді университет екендігін атап, қол қойылған құжат қазулық оқытушылардың өріптеп білім ордасына дәріс жүргізуіне мұрындық болатындығын және түрлі зерттеулермен айналысуға жол ашатындығын тілге тиек етті. «Бұл алдымен, білім беру мекемесінің дербестігін анықтайды. Біз статусымызға қарамастан, жаңа университет екендігіміз жасырын емес. Соң тұрғыда бізге алға жылжып, дамып, қазақстандық өзге де жоғары оқу орындарының тәжірибесімен бөлісіп, қабылдау қажет», - дейді Астанада өткен шара барысында Назарбаев университетінің президенті Шигео Катсу.

Айта кетейік, меморандум аясында өзара студент алмасуы, екі жақтың зертханалары негізінде оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыру көзделген.



ҚазҰУ – қа қаран бой түзейді

ҚазҰУ – отандық білім беруде көшбасшы. Оның озық дәстүрлері мен инновациялық білім беру үрдісі басқаларға үлгі. Бұл жайлы жақында Астанада өткен жоғары білім беру саласы көшбасшыларының II Еуразиялық форумында да сөз болды. Өзге ЖОО-лар біздің тәжірибелерімізді енгізуге қызығушылық танытып отыр. Кәсіби маман дайындаудағы ҚазҰУ рөлі жайлы 17 маусымдағы ректорат мәжілісінде кеңінен сөз болды.

ҚазҰУ республикалық ғана емес, халықаралық білім кеңістігінде лайықты орынға ие Орта Азия аймағындағы халықаралық білім беру орталығына айналуы стратегиялық бағыт ретінде ұстанады. Сондықтан да ҚазҰУ қызметкерлері мен оқытушыларына, тәлімгерлеріне биік талаптар қойылады. Өзгерістер

мен инновацияларды қабылдау, жоғары академиялық жауапкершілік, кемелдену мен шығармашылық даму, әлемдік тәжірибелерді игеру заман сұранысынан туындап отырғандығын ҚазҰУ ұжымы ұғынып, үздік нәтижеге жету жолында жұмыс істеуде.

Сондай жаңашыл үрдістің бірі – биыл үшінші жыл жүргізіліп отырған индикативті жоспар. Ол оқытушы-профессорлар құрамына өз жұмысын жан-жақты жандандырып, жыл соңында көздеген көрсеткішке жеткізуге мүмкіндік береді. Онда студенттермен бірге жасалған жобалар мен жұмыстар да есепке алынып, балл қойылады. Қорытындысында кафедра меңгерушілері, декандар өз ұжымдары бойынша сараптама жасап, кемшін тұстары мен жетістіктерін айқындай алады.

Осы аптада 2012-2013 оқу жылындағы индикативті жоспардың орындалуының нақты көрсеткіштері жайлы сөз алған Аккредитация, рейтинг және сапаны басқару жөніндегі орталық директоры Гүлшарат Салауатқызы ішкі академиялық ұтқырлық, ғылыми жарияланымдар бойынша есу қарқынының артқанын атап өтті. Жалпы нақты қорытындылар бойынша алдыңғы орынға механика-математика, биология және биотехнология, химия және химиялық технология факультеттері шыққан.

«Бұл – жыл қорытындысы. Өсу қарқыны да бар. Бұл жүйені енгізудегі мақсат та осы. Біз заман талабына сай алға жылжудамыз. Зерттеуші университетке бағыт алғандықтан біз жаңалыққа ұмтылуымыз керек», – деп ой қорытқан университет басшысы Ғалым Мұтанов факультет декандарын жұмысқа деген шығармашылық қарқынды қалыптастыруға шақырды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

БҮГІНГІ САНАА:

БҮГІНГІ САНАА:

БҮГІНГІ САНАА:

«ТҮРКІ ӘЛЕМІ»
ОҚУ КАБИНЕТІ
АШЫЛДЫ



2-бет

МЕЖДУНАРОДНЫЙ
ОПЫТ



5-бет

VII ЖАЗҒЫ
УНИВЕРСИАДАДА
ЖҮЛДЕЛІ
БОЛДЫҚ



8-бет

«Түркі әлемі» оқу кабинеті ашылды



11 маусымда филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті шетел филологиясы және жалпы тіл білімі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы, белгілі тұлғаның ғалым Алтай Сәрсенұлы Аманжолов құрметіне «Түркі әлемі» оқу кабинетінің ресми ашылу салтанаты өтті.

Салтанатты шарада факультет деканы Қансейіт Әбдезулы кабинеттің лентасын Алтай Сәрсенұлының әлкесі Күләш Аманжоловамен бірге қиды. Кабинеттің ашылу салтанатына, сонымен қатар ғалымның туыстары, жұбайы Айша ағай, інісі Орал, ұлы Ерен, немересі Малика, сонымен қатар факультеттің оқытушы-профессорлар құрамы, магистранттар, студенттер қатысты. Қ. Әбдезулы А.Сәрсенұлының ғылыми-еңбек жолы жайлы жан-жақты ақпарат беріп, ғалымның факультетте қызмет еткен жылдарын еске алды. Күләш Аманжолова ағасы жайлы тебірене сөйлеп, естеліктер айтты. Өз кезегінде сөз алған «Парасат» ҚҰИ Гуманитарлық зерттеулер орталығының директоры, профессор Нұрсұлу Шаймерденова өзінің Алтай ағайдың шәкірті болғандығын мақтанышпен айта келе, ғалымның көзі тірісінде жазып бітіріп кеткен кітабын оқу кабинет мұражайына сыйға тартты, сондай-ақ Алтай ағайдың біраз қолжазбаларын тарту етті. Аталмыш кабинеттің ашылуына зор еңбек сіңірген А.С. Аманжоловтың шәкірті, ұзақ жылдар бойы бірге қызмет атқарған әріптесі шетел филологиясы және жалпы тіл

білімі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор Г.Мадиева ұстазы жайлы зор тебіреніспен еске алды. Кеш соңына қарай «Қазақ филологиясы» мамандығының 2-курс студенті М.Ақан «Соңғы лекция» атты авторлық өлеңін оқыды. «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығының 4-курс студенті, университетіміздің мақтанышы, күміс көмей әнші қызымыз Ж.Мұзбаева мерекеге орай М. Мақатаевтың сөзіне жазылған «Есіңе мені алғайсың» атты тамаша ән шырқады.

Өмірін ғылымға арнаған дара тұлғаның бейнесі, қадір-қасиеті қызметтес болған әріптестерінің, шәкірттерінің әрдайым жадында қалмақ. Кафедра оқытушыларының барлығы дерлік Алтай Сәрсенұлының нағыз ғалымға тән тұлғалық, адами қасиеттері жайында сөз қозғады. Біз білетін Алтай ағай кез келген жұмысты асықпай, баппен, сапалы істеуге ұмтылатын, бастаған ісін ешқашан аяқсыз қалдырып көрген емес. Әрбір іске асқан жауапкершілікпен қарайтындығы қазіргі жастардың бойынан табыла бермейтін асыл қасиет. Алтай Аманжолов нағыз ғалым бола білді. «Түркі әлемі» оқу кабинеті түркітану ғылымын зерттеуші келешек жастарды қанаттандыра беретініне көміл сенеміз.

М.К. МАМБЕТОВА,
С.Б. БЕКТЕМІРОВА,
шетел филологиясы және жалпы тіл білімі кафедрасының доценттері

«Мұхтар Әуезовтің шығармашылығы» А К Ц И Я С Ы



2012 жылғы қыркүйектен бастап 2013 жылдың қыркүйегі аралығында Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы «Мұхтар Әуезовті оқимыз» атты халықаралық акция жариялаған болатын. Акцияның мақсаты – Қазақстан оқырмандарының және әлем елдері оқырмандарының назарын Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасына аудару, қазақ әдебиеті классигінің, абайтанудың негізін қалаушы көрнекті ғалым мен педагогтың өмірі мен әдеби мұрасы туралы білімдерін тереңдету.

Халықаралық акцияға әлем елдерінің барлық жүйелері мен ведомстволарының кітапханалары қатысуда. Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Г.М. Мұсағалиева басқарып отырған Ғылыми кітапханасы да халықаралық акцияны қолдап, университет студенттері арасында жазушы шығармашылығына байланысты әртүрлі шаралар өткізуде.

Жақында көпшілікпен жұмыс істеу секторының меңгерушісі С.С. Жылқайдарова мен осы сектордың қызметкері Ш.Б. Мұқашева және ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға куратор-эдвайзері Ө.Д. Сандықбаеваның ұйымдастыруымен қазақ диаспора өкілдері және Ауғанстан Ислам Республикасы, Қытай, Иран, Ұлыбритания, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Өзбекстан елдерінен келген тыңдаушылар үшін танымдық медиа-сабақ өткізді. Жазушының өмірі, оның қаламынан туған жанрдағы туындылары, тамаша аудармалары, мазмұны терең мақалалары, кітаптары туралы және М.Әуезовтің ерекше талантына, халық алдындағы еңбегіне берілген шетелдік атақты жазушылардың пікірлері жинақталған тұсаукесер слайдтары көрсетіліп, «Қазақтың көрнекті жазушысы – М.О. Әуезов» атты кітап көрмесі көпшілік назарына ұсынылды. Көрмеде жазушы туындылары мен ол туралы өзгелер жазған әдебиеттер орын алды.

Аталған шара шетелден келген тыңдаушылар үшін М. Әуезов жайлы мол мәлімет берумен қатар, кемеңгер жазушының туындылары адамзаттың ортақ рухани қазынасына айналуы, Абай тақырыбы, өмірі мен өнерінің мән-мағынасын бар ынта-ықыласымен, асқан сүйіспеншілікпен терең зерттеуі туралы жан-жақты ой қозғалған пікір алмасуға ұласты. Шараға факультеттің оқытушы-профессорлары Қ.А. Аққошқарова, Р.Р. Абишева, Н.А. Алдабек, М. Тойғанбекова, С.Ж. Смағұл, С.С. Сүлейменовалар қатысып, осы кафедраның оқытушысы Н.А. Алдабек өзінің Әуезов шығармашылығын зерттеушісі екенін мақтан тұтатынын айта келе, бүгінгі күні кітап оқымай терең білім алуға болмайтыны жөнінде салмақты ойын ортаға салды.

С.С. ЖЫЛҚАЙДАРОВА, Ш.Б. МҰҚАШЕВА,
Ғылыми кітапхананың көпшілікпен жұмыс істеу секторы қызметкерлері

www.kaznu.kz

ҚазҰУ-да Темпус бағдарламасы аясында «Су айналымын басқаруды біріктіру: мүмкіндіктерді арттыру, біліктілік және білім беру мен кәсіпкерлікті арттыру» тақырыбы тәңірегінде мамандар кездесуі өтті.

Германия, Англия, Испания, Кипр және Қазақстан жоғары оқу орындарының өкілдері әріптестікті нығайту барысында жобаны талқылап, оқу орындардың бәрін сумен қамтамасыз етуге дайындықты талқылады. Қазақстандық оқу орындары базасындағы I-WEB жобасының мақсаты – суға қатысты мәселелерді, соның ішінде су ресурстарын басқару және Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі география, гидрология, метеорология салаларында кадр дайындауды шешу. «Бұл жобаны Қазақстан ЖОО-ның 30%-ы қатысты, ішіндегі Темпус бағдарламасы бойынша «ең үздік» деп өл-Фараби атындағы ҚазҰУ танылды», - деп Қазақстандағы Темпус бағдарламасы бойынша ұлттық кеңсе орынбасары Мереке Тәнкібаев.

Состоялась встреча ученых КазНУ с представителями Тринити-колледжа Дублинского университета (Великобритания).

В ходе мероприятия стороны рассказали о деятельности и достижениях своих учебных заведений, поделились дальнейшими планами, обсудили вопросы сотрудничества. Также проректор по международному сотрудничеству Джейн Олмейер рассказала об исследованиях казахстанских студентов, проводимых в стенах колледжа Тринити.

ҚазҰУ-дың ғылыми-технологиялық паркі VeloCity Start-ап компаниясының ұсынысымен А. Винокуровтың басшылығымен «Астана» командасының және «Джиро д'Италия - 2013» велокепкүндігінің жеңімпазы Винченцо Нибалимен қалалық велошеру өткізу қолдау тапты. Бұл іс-шараға ҚазҰУ студенттік ұйымының сенат командасы қолдау көрсетті.

В КазНУ подведены предварительные итоги пребывания зарубежных археологов, антропологов и геологов. Ученые США, Австралии, Германии, Японии, Италии, Бельгии вместе с профессором Ж. Таймагамбетовым принимали участие в международной археологической экспедиции по изучению памятников каменного века.

За время нахождения в Казахстане профессора университета Колорадо Мишель Глянц и Джейсон Лабелл прочитали лекции студентам и преподавателям КазНУ о каменном веке Америки и различных проблемах палеонтологии. В дальнейшем планируется совместное участие специалистов в конкурсе для получения международных грантов по исследованию геологии, геоморфологии и первобытной археологии Казахстана, а также реализация международных проектов по изучению коллекций артефактов по каменной индустрии в лаборатории геоархеологии КазНУ.

Нағыз эколог болу студенттік кезден басталады

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ биология және биотехнология факультеті мен Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу институты арасында тығыз шығармашылық қарым-қатынас орнады.

Институт «Экология» мамандығы студенттерінің өндірістік практикасының негізгі базаларының бірі болып табылады. Жылда келісімшарт бойынша 3-4 курстың 10-15 студенті өндірістік практикаларын осында өткізеді. Қазіргі таңда институттың әрбір бөлімдерінде биология факультетінің «Экология» мамандығын бітірген тұлғалар қызмет істейді.

Биыл Топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу институты Ө.О. Оспанов атындағы стипендия тағайындап, 3-курс студенттерінің арасында топырақ экологиясы тақырыбына арналған ғылыми жұмыстарға байқау жариялады. Оған басқа ЖОО студенттерімен қатар, биология және биотехнология факультетінің 13 студентінің жұмысы қабылданды. Институт директорының бұйрығымен құрамында директордың орынбасары Б.У. Сүлейменов, ғылыми қызметкерлер Э.Қ. Мырзакеев, С.Б. Досбергеновтар бар сарапшы топ құрылды. Олар байқауға қатысқан студенттердің жұмыстарын бағалап, ақшалай жүлде ұсынды. Жүлделі орын алғандардың барлығы – біздің университеттің студенттері.

Студенттерді марапаттау алдында

институт директоры Ө.О. Оспанов туралы мәлімет берді. Ө.О. Оспанов жасынан үздік оқып, ғылымға құштарлық көрсеткен. Мәскеуде аспирантурада оқып, Қазақстаннан тұңғыш топырақтану ғылымынан кандидаттық диссертация қорғаған. Ресейден Қазақстанға оралып, сол кезде Қ.И. Сәтпаев басқарған Республиканың Ғылым академиясының ғылыми хатшысы қызметін атқарған. 1946 жылы Қазақстанның Ғылыми академиясы құрамында Топырақтану институтын ұйымдастырып, оны 18 жыл басқарған. Тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде (1954-1960 ж.ж.) егіншілікке жарамды жерлерді іріктеп, совхоздар мен колхоздарды ұйымдастыруға белсенді қатысқан. Қазақстанның ғылымына еңбек сіңірген қайраткер атағына ие болған. Осындай атақты ғалымның атынан стипендия жариялап, әр жыл сайын топырақ зерттеуіне арналған студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына байқау жалғасын табатынын жеткізді ол.

Факультет атынан А.Е. Ережелов ғылым мен білім арасындағы байланыстың студенттерге ауадай қажет екеніне тоқталып, келешекте Топырақтану институтына табыс тілеп, алғысын білдірді.

Б.Е. ШЫМШЫҚОВ,
Ә.Е. ЕРЕЖЕПОВ,
биология және биотехнология факультетінің доценттері

Химия және химиялық технология факультеті күйікке қарсы жаңа материал ойлап тапты

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯҒА ЖОЛ

Бала кезімізде әпкелереміз, ағаларымыз Мәскеуге білім алуға кетті дегенде, бізге де сондай мүмкіндік туар ма екен деп армандайтынбыз. Енді, міне, ҚазҰУ-дың академиялық ұтқырлық бағдарламасы және ШЫҰУ ықпалы негізінде Мәскеуде 1 семестр көлемінде ҚазҰУ мен РУДН университеттерінің келісімшарты бойынша білім алып, оқып келдік.

Бізді оқытушылардың қарапайымдылығы, әрбір өтетін сабағына жоғары дайындықпен келіп, білімгерлерінің назарын өздеріне аудару әдістері, бар ынтасымен дәрісті түсіндірулері тамсандырды. Мұндағы білім беру жүйесі кредиттік технологияға көшу үстінде екен, ал біздің университетімізде бұл жүйе бірнеше жылдар бойы жүзеге асып келеді. Білікті мамандардан сабақ алу арқылы біз білімімізді, білігімізді арттыра түстік. Мысалға айтып өтсек, «Хранение, переработка и утилизация отходов» сабағынан қазіргі таңдағы «қалдықтар» мәселесінің шешімі үшін қолданылатын жаңа әдістер мен технологиялар жайында, «Управление экологической безопасностью производства» пәнінен кезкелген өндіріс орындарында сақталуы тиіс экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары туралы, «Экологическая экспертиза» қандай да бір құрылыс нысанының қоршаған ортаға әсерін ескеру тексеру әдістері жөнінде, «Экологический консалтинг» білгеніміз әр елдегі экологиялық заңдандырудың қалай іске асырылып жатқандығы жайында, «Экологический менеджмент и маркетинг» сабағынан өндірістегі, мемлекеттік қызметтегі «экологтың» міндеттері мен басқарудағы мүмкіндіктері турасында, «Методика проведения ОВОС-тан» әрбір экологтың білуі тиіс қоршаған ортаға әсерді бағалаудың ең маңызды әдістерін пайдаланып, зерттеулер жүргізудің тәсілдері мен «Радиозкологическая оценка территорий» пәні арқылы радиозкологиялық әсерді зерттеудің маңыздылығын

түсінумен қатар радиоактивті элементтердің қоршаған ортамызға қаншалықты зиян келтіретінін қарастырып, үйрендік.

Экология факультетіне барғаннан кейін оқуымызға міндетті 3 пәнімізден бөлек өз еркімізбен қосымша 4 пәнді таңдап алдық. Сонымен, 7 сабақты 5 бөлек топпен оқыдық. Таныстарымыз, достарымыз көбейіп, олардан болып жатқан конференциялар жайында біліп, хат алысып тұрамыз. Демек, халықаралық қатынастамыз деуге де болады.

РУДН-дегі мәдени іс-шаралар жоғарғы деңгейде ұйымдастырылып, апта сайын өткізіліп тұратындығына куә болдық. Әрбір мемлекеттің, ұлт өкілдерінің өз салт-дәстүрлерін, мәдениетін көрсетуге арналған апталықтар өтіп, сондағы көрмелеріне, концерттеріне бару біздің өзге елдерді, мемлекетті танып, білуге деген үлкен қызығушылығымызды оятты. Сонымен қатар әр аптаның сенбі, жексенбі күндері әлемнің түпкір-түпкірінен келген РУДН студенттеріне арналған Мәскеу маңындағы әдемі, тарихи маңызы бар қалаларға, елді-мекендерге экскурсиялар ұйымдастырылып тұрады екен.

ҚазҰУ-дың академиялық ұтқырлық бағдарламасы көмегімен жазғы демалыста Англиядағы «Cumbria», күзгі семестрде Ресейдегі «РУДН» университеттерінде өткізген әрбір күнімізді, қызықты сәттерімізді ұмытпаймыз, себебі біз осы сапар барысында терең біліммен сусындап, дүниетанымымызды кеңейтіп, рухани азық алып қайттық.

Ботакөз САДЫБЕКОВА, Нұргүл АМАНГЕЛДІ,
география және табиғатты пайдалану факультеті,
энергетика кафедрасының 2-курс магистранттары

БЕСЦЕННЫЙ ОПЫТ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ

Казахский национальный университет им. аль-Фараби предоставляет возможность студентам обучаться по программе Университета Шанхайской организации сотрудничества (УШОС). Главной концепцией Университета ШОС является подготовка кадров высшей квалификации, которая осуществляется по приоритетным областям научно-образовательного и экономического сотрудничества стран-участниц организации: это - энергетика, экология, машиностроение, металлургия, материаловедение, строительство, транспорт, ТЭК, история, лингвистика, IT-технологии. Обучение по программе УШОС дает студентам уникальную возможность получить качественное современное образование зарубежом, перенять опыт других стран в научно-исследовательской деятельности, найти друзей со всего мира, узнать культуру другой страны, реализовать себя. Данная возможность стала реальностью благодаря поддержке ректора университета КазНУ Г.М. Мутанова.

За время обучения в Национальном исследовательском технологическом университете «МИСиС» (РФ) мы прослушали такие дисциплины, как «Наночастицы и наноматериалы», «Физика поверхностей раздела в твердых телах», «Физика наноструктур», «Экспериментальные методы в физике наносистем» и «Иностранный язык». Данные предметы были очень полезными для нашей специальности «Материаловедение». Мы успешно сдали экзамены по пройденным дисциплинам и защитили две курсовые работы. Очень интересным оказалось изучение курса иностранного языка. Обучение английскому языку ведется по программам Оксфордского университета, специально разработанным для студентов технических специальностей. Посещая занятия иностранного языка, мы улучшили навыки научно-технического перевода, усовершенствовали методики построения презентаций.

НИТУ «МИСиС» имеет очень сильный преподавательский состав. В университете ведется активная научная

деятельность. Студенты участвуют в проектах, самостоятельно проводят опыты, работают в лабораториях, оснащенных современной техникой, принимают участие в научных семинарах и конференциях.

В НИТУ «МИСиС» нам предоставили возможность проходить научно-исследовательскую практику (НИР). В ходе выполнения НИР мы под руководством доктора хим. наук, проф. кафедры физической химии М.В.Астахова и канд. хим. наук, доцента кафедры общей и неорганической химии С.В. Стахановой разработали методы получения металлосодержащих растворов на основе высших изомерных карбоновых кислот путем экстракции водных растворов солей титана, цинка и никеля. Результаты методики внесли большой вклад в наши магистерские диссертации.

Учеба в «МИСиС» оставила нам яркие впечатления, где мы нашли новых друзей и приобрели практические навыки.

Вера ГОРБАЧЕВА,
магистрант 2-го курса

Университет ШОС - Возможность обучения за рубежом

Казахский национальный университет им. аль-Фараби – старейший классический вуз республики, организованный в 1934 году. За годы своей деятельности университет внес большой вклад в укрепление и развитие экономики, политико-правовой жизни, культуры, науки и образования многонационального Казахстана, и стал оплотом всей системы высшей школы страны. Он по сей день остается крупнейшей кузницей кадров высшей профессиональной квалификации, одним из основных центров научно-исследовательской работы в республике.

Обучение в рамках сетевого университета ШОС дает уникальную возможность получить хорошее образование, увидеть другие страны, найти много друзей и самое главное стать востребованным специалистом в странах ШОС.

Благодаря этой программе я проходила обучение в одном из ведущих вузов России - Сибирском федеральном университете по направлению «Экология».

Сибирский федеральный университет (СФУ) расположен в Красноярске, основан в 2006 году путём объединения четырёх вузов города. СФУ — крупнейший университет, состоящий из 20 институтов и 8 филиалов в других городах России.

В результате изучения одной из дисциплин хотелось бы отметить, что мы научились прогнозировать чрезвычайные ситуации природного, экологического и техногенного характера на территории края, предупреждать воздействия негативных факторов среды на человека, распознавать и проводить количественную оценку негативных воздействий на среду обитания, принимать грамотные решения в условиях чрезвычайных ситуаций по

защите населения и производственного персонала от возможных последствий аварий, катастроф, стихийных бедствий.

Во время учебы у нас появилась возможность посетить центральную библиотеку СФУ - одну из крупнейших современных вузовских библиотек России с большим ресурсным потенциалом и современными формами их предоставления через систему сервисных центров, электронной библиотекой с комплексом электронных читальных залов.

Неоценимую помощь и поддержку мне всегда оказывали координаторы, консультируя по многим вопросам и просто подбадривая меня в трудные минуты ада. Надеюсь, что и в дальнейшем студенты наших вузов будут иметь такую возможность личного и профессионального развития.

Хочу выразить признательную благодарность руководству КазНУ и СФУ за полученные возможности при обучении.

Айгерим МАСИМГАЗИЕВА,
магистрант 2-курса факультета
географии и природопользования
КазНУ им.аль-Фараби

КазНУ и Назарбаев Университет подписали меморандум о сотрудничестве в научно-образовательной сфере и развитии инноваций

В моих руках оказалась книга Зейнеп Ахметовой «Бабалар аманаты». По своей структуре книга представляет собой беседы Баурджана Момыш-улы со своей келин Зейнеп Ахметовой и сыном Бахытжаном Момыш-улы. Прочитав книгу, я задумался. Ранее мне приходилось писать о большом педагогическом значении книг Баурджана Момыш-улы «За нами Москва», «Психология войны». Всем известно, что их изучают в военных учебных заведениях нашей республики. Нравственная, психологическая сторона книг легендарного героя и полководца весьма значительна. Писал я и о книгах Бахытжана Момыш-улы «Когда ты рядом», «Восхождение к отцу», «Сыновья великого волка» и др. Мое обращение к этим книгам было не случайным. Бросалось в глаза, что всех этих книгах присутствует Баурджан Момыш-улы, герой войны, командир дивизии. Большой нравственный и психологический потенциал, заложенный в образе Баурджана Момыш-улы, несомненно, оказывает положительное духовное влияние на молодое поколение. Уроки мужества, бесстрашия, умелого воинского поведения на поле битвы – это то, что нужно джигиту, пусть он студент вуза или курсант военного училища или академии. Особая сила уроков Баурджана Момыш-улы в том, что герой войны учит основам военной психологии не через мораль, а на примерах поведения людей в условиях реальной войны.

КНИГА, нужная всем

Книги Бахытжана Момыш-улы и Зейнеп Ахметовой открывают нам другую сторону многогранного характера народного героя и любимца Баурджана Момыш-улы. На страницах этих книг, особенно в жизнеописании Зейнеп Ахметовой, Баурджан Момыш-улы предстает перед нами в домашней обстановке, в отношениях с родственниками, друзьями, товарищами, аульчанами. Эта бытовая сторона жизни полководца очень важна, она открывает нам образ легендарной личности с неожиданной, как бы скрытой стороны. И эта грань тоже весьма поучительна, она показывает нам Баурджана Момыш-улы в гуще самых разных событий. Мы видим: цельная, живая личность всматривается в лики бытия, она реагирует на такие тонкости и нюансы, которые, казалось бы, мало что сообщают нам. Однако это не так. Дело в том, что Баурджан Момыш-улы был знатоком энциклопедии народной жизни. Его осведомленность о тонкостях, полузабытых или уже забытых особенностях ритуальных

отношений казахов аульной старины поражает обширностью и глубиной. Суждения и замечания Баурджана Момыш-улы, которые он излагает своей келин в качестве советов или замечаний, исходят из глубины исторического знания ритуальной психологии и философии номадов, представителей конно-кочевой цивилизации Евразии. Ритуалы, обычаи, традиции, духовные реликты казахов таят в себе опыт тысячелетних отношений. Мы многое узнали из космоса казахской национальной культуры. Формально относимся к некоторым обычаям и обрядам, нередко вестернизируя их в условиях города. Модернизация и вестернизация национальных обычаев и обрядов нередко ведет к их выхолащиванию, обесмысливанию.

Наставляя и обучая келин, Зейнеп Ахметову, Баурджан Момыш-улы возвращает нас к первоизданной сути важных обрядов и обычаев казахов, гостеприимства, сватовства, салемов, возрастных инициаций, свадебных и иных ритуалов. Его комментарии показывают,

что за ритуалами скрывается этическая, нравственная сторона маркеров, незнание тонкостей может привести к нежелательному оскорблению старшего по возрасту человека. Например, подоплека обычаев, оформляющих сложный и многогранный ритуал гостеприимства у казахов, в значительной мере невербальна, носит знаково-символический характер. Казахи не говорят об уважении к гостю, а показывают это через ритуал. Подав аксакалу вареную голову барана не той стороной, с не выбитыми зубами или рогами, можно серьезно оскорбить гостя. Аксакал такие знаки может прочесть как враждебное намерение хозяев. Многие ли из современных казахов знают об этом? Таких примеров из книги Зейнеп Ахметовой «Бабалар аманаты» не счесть, и очень ценно для нас, что значение деталей обрядово-ритуального поведения и психологии казахов объясняет и показывает сам Баурджан Момыш-улы. Тем самым, он словно реставрирует космос национальной культуры. Обучая и воспитывая свою келин, Баурджан

Момыш-улы словно обращается ко всем казахам. И это – особая тема для нас.

Казахский народ после эпох советизации еще не восстановил свою национальную культуру, язык и менталитет. Особенно серьезной деструкции подверглись традиционная духовность, космос ритуала, экология сознания. Эти нежелательные явления получили в XX веке такой размах, что обозначился кризис самих национальных культур. Баурджан Момыш-улы видел это, и деструкция национальной культуры его тревожила. По книге Зейнеп Ахметовой мы видим – он целенаправленно воспитывал свою келин, наставлял ее, через нее обращаясь ко всем казахам. Он не хотел, чтобы народ потерял важнейшую часть этнокультуры, связанную с духовной, нравственной культурой ритуального поведения молодых женщин. Он делал все, чтобы предотвратить распад традиции. И эти уроки Баурджана Момыш-улы можно использовать в курсе акмеологии, особенно в национальной аудитории.

А.Ж. ЖАКСЫЛЫКОВ,
доктор филологических наук,
профессор кафедры
теории и методологии перевода,
член Союза писателей РК



Қазақ жерінде ежелден мекендейтін жалманның немесе қалқанқұлаққа алғаш ғылыми сипаттама берген С.М. Киров атындағы ҚазМУ (қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) студенті мен оқытушы ғалымы екенін бірі білсе, бірі біле бермейді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биология факультетінің ұстазы мен студенті ғылымға белгісіз кеміргіштің түрі жалманды немесе қалқанқұлақты ғылыми түр «селевиния» деп анықтап жазылғанына биыл 75 жыл толып отыр. Бұл жаңалықтың құндылығы – ол тек жаңа түр ғана емес, жаңа тұқымдас және туыс ретінде алғашқы рет ғылыми тұрғыда сипатталып жазылуы. Бұл жаңалықтың екінші бір құндылығы – университеттің алғашқы факультеттерінің бірі биология факультетінің ұстаздар қауымы университеттің жаңадан ашылған күнінен бастап ғылыммен айналысып, оған студенттерді қатыстырып отырды. Осындай тәжірибелер өз нәтижелерін де берді. 1938 жылы Бетпақдала экспедициясына қатысқан

Жалманға алғаш ғылыми сипаттама берген

биология факультетінің 5-курс студенті Б.А. Белослюдов жалманның 5-еуінің тұлыбын, қаңқасын, бас сүйегін Биология мұражайының қорына алып келіп, тапсырды. Осы ғылымға белгісіз кеміргішті экспедиция жетекшісі кенеттен қайтыс болғанына (В.А. Селевиннің) қарамастан оны зоология кафедрасының аға оқытушысы В.С. Бажанов (кейіннен Қазақстан палеонтология мектебінің негізін қалаушы, биология ғылымдарының докторы, профессор) екеуі ғылыми түрде сипаттап жазып, бұл аңға, тұқымдасқа және туысына оны алғаш Бетпақдаладан ұстаған әрі зерттеген ғалым Виктор Алексеевич Селевиннің құрметіне оның атын берді. Осы кеміргіш туралы ғылыми мақалалар «Ученые записки Казахского государственного университета им. С.М. Кирова» журналының 1938 жылғы 1 томының 1 басылымында және 1939 жылғы III томының жеке парағында (оттискі есебінде) «Новый род и вид грызуна из Центрального Казахстана» және «Новое семейство отряда грызунов» деген атаулармен 200 дана болып шұғыл басылып, жарық көрді. Себебі В.А. Селевин 1935-1937 жылдары Бетпақдалада мекендейтін зерткыш құстардың саңғырығын зерттеу барысында ғылымға белгісіз кеміргіштің бас және жақ сүйектерін тауып, оны ғылыми тұрғыда анықтау үшін Ленинградтағы КСРО ҒА-ның Зоология ғылыми-зерттеу институтының

ғалымы профессор Б.С. Виноградовқа зерттеуге жіберді. В.А. Селевин 1938 жылы кенеттен қайтыс болғаннан кейін Алматы мен Ленинград ғалымдарының арасында ғылыми бәсекелестік туып, кім бірінші болып ғылыми түрде жариялайды деген бақталастықпен университеттің журналында жеке оттискі есебінде шұғыл жарияланды. Ал ленинградтық (Санкт-Петербург) ғалымдар да кеміргішті *Selevinia pardoxa* деп атады. Бірақ бұл мақала Қазақстан ғалымдарынан бір жылдан кейін «О новом замечательном грызуне нашей фауны» деген атаумен 1939 жылы «Природа» журналының бірінші санында жарияланды. Қазақстандық және ленинградтық ғалымдар бұл жеке түр ғана екенін мойындап қоймай, оның жеке тұқымдас, туыс екенін де бірдей мойындады. Сөйтіп, алматылық ғалымдар 1939 жылы «Записка ученых» атты 3 томдык жедел шығарды. Ал дүниежүзінің ғалымдарына жаңа ашылған университеттің таралымы аз (200 дана) хабарламаның, оның үстіне орыс тілінде жарық көрген мақаланы бірі-білсе, екіншісі білмеді. Кешірек болса да 1941 жылы осы кеміргіш туралы, оның өзіндік ерекшеліктері толық сипатталып Маммалия (сүтқоректілер) журналында ағылшын тілінде жарық көреді. Осы мақалада жалманның бас сүйектері мен басқа да сүйектерінің суреттері толық берілді, сөйтіп, дүниежүзінің ғалымдары

толық танысып, мойындады.

Ал осындай 75 жылдық тарихы бар кеміргіштің бесеуінің үшеуі университеттің Биология мұражайында өте құнды жәдігер есебінде сақтаулы, қалған екеуінің біреуі – Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің Зоология мұражайының қорында, екіншісі – қазіргі Мирзо Ұлғабек атындағы Өзбекстанның ұлттық университетінде сақтаулы. Сонымен қатар осы В.А. Селевиннің Бетпақдала экспедициясы туралы дер. кезінде М.Д. Зверев «Конец белого пятна» және К.Н. Пинчукованың «Тропами пустыни» (Алма-Ата, 1958) атты повестері жарық көрді. Мұражайда В.А. Селевиннің соңғы 1938 жылғы Бетпақдала экспедициясы туралы кинооператор Т. Пумпянскийдің «Побежденная пустыня» атты деректі фильмінің көшірмесі де сақтаулы. Сондықтан мұражай тек көрме залы ғана емес, ғылыммен айналысатын орта. Мұражай қорында сонау 1890 жылы ұсталған құстың тұлыбынан бастап қазіргі уақытқа дейінгі ұсталған жануарлар тұлыбтары және бас сүйектері сақтаулы. Биология мұражайының қорында 1929-1938 жылдар аралығында В.А. Селевиннің жинаған аңдары мен құстарының 300-ге жуық тұлыбы сақтаулы. Ғылыммен айналысамын, зерттеймін деген бакалавр мен магистранттарға әрқашан да есігіміз ашық.

Қылышбай МҰСАБЕКОВ,
Биология мұражайының директоры

2012 жылы 15 маусымда ҚазҰУ халықарылық қатынастар факультеті жанынан Біріккен Ұлттар Ұйымының орталығы ашылған

Болашақ маманның кәсіби және адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады

Ғаламдану жағдайында білім берудің мақсаты – кәсіби білікті және адамгершілікті, шығармашылық қабілет жоғары, жауапкершілігі мол жасампаз тұлғаны қалыптастыру. Білім бере отырып, тәрбиелеудің мақсаты – тұлғаның кәсіби, азаматтық, мәдени қалыптасуына қол жеткізу.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Экономика және бизнес Жоғары мектебінде тәрбие жұмысы маман дайындау үрдісінің бір бөлігі болып табылады. Болашақ маманды дайындауда куратор-эдвайзер мен студенттік басқару ұйымының атқарар рөлі үлкен.



Студенттердің өзін-өзі басқару ұйымы белсенді студенттерді біріктіре отырып, студенттер мәселесін шешуге және менеджерлік қабілетін көрсетуге мүмкіндік алады. Оның құрамында студенттік кеңес, студенттер мәс-лихаты, «Сұңқар» студенттік кө-сіподақ ұйымы, Болон үдерісі бойынша студенттер кеңесі, ғылыми студенттік ұйым кіреді. Сонымен бірге студенттермен құрылған би клубы «МИЛС», «Тоғыз құмалақ» клубы, «Шахматшылар» клубы, «ҚазҰУ рекордтары» клубы жұмыс жасайды.

2011-2012 оқу жылында алғаш Студенттік декан сайлау науқаны өткізілді. Студенттер өздері сол жылдары сайлаған студенттік декан магистрант Асқар Әскеровпен бірге оқу үдерісінде және студенттер үйінде т.б. орын алған мәселелерді бірігіп шешуге атсалысты. Олар студенттер арасында сауалнама жүргізуді, университет аясында өтетін шараларға дайындықты ұйымдастыруды өз қолдарына ала отырып, студент пен деканат арасындағы дөнекерге айналды.

Студенттік өзін-өзі басқару ұйымының бір ірі бұтағы – жатақханадағы студенттік кеңес ұйымы. Еліміздің түкпір-түкпірінен білім іздеп келген және «атасы туыс емес, тірлігі туыс» шет елден келген болашақ экономистерді бір шаңырақ астына жинаған Экономика және бизнес Жоғары мектебінің №16 Студенттер үйі тұрғындарының оқу жылы белсенді студенттердің ұйымдастыруымен өткізілген келелі іс-шаралар мен жемісті жұмыстарға толы болды.

Сонымен қатар оқу жылында басшылық және куратор-эдвайзерлер «Кафедра күндері» аясында студенттермен жиі байланыста болып, жатақханадағы әр күндік кезекшіліктерін атқарып, атақты тұлғалармен кездесулер және түрлі саладағы іс-шаралар ұйымдастырып, оқуда үздік нәтиже көрсеткен әрі белсенді студенттерге моральды және материалдық қолдау көрсетуде.

Университет ректоры Ф.М.Мұтановтың бастамасымен студенттерге мате-

риалдық қолдау көрсету Экономика және бизнес Жоғары мектебінде оқытушылардың демеушілік және атаулы шәкіртақыларды тартуы арқылы жүзеге асып отыр.

Айта кетсек, 2011-2012 оқу жылында 55 студентке барлығы 3 300 000 теңге көлемінде жұмыс берушілердің 22 демеушілік шәкіртақысы, әр кафедраның тағайындаған 15 демеуші шәкіртақысы, 12 атаулы шәкіртақы және түлектер тағайындаған 6 шәкіртақы табысталды. 2012-2013 оқу жылында да бұл үрдіс жалғасын тапты. Белсенді студенттерімізге берілген 4 млн. теңгеге жуық 50 шәкіртақының 19-ы жұмыс берушілердің демеуімен, 16-сы атаулы шәкіртақы және 15-і түлектермен тағайындаған шәкіртақылар. Әрине, осындай қаржылай көмек студенттерді қанаттандыратыны сөзсіз.

Белсенді студенттеріміздің ішінде университеттік және қалалық деңгейде өздерінің басқарушылық қабілеттерімен танылып жүрген университеттік жастар ұйымдары комитетінің жетекшісі Нұрлан Әбдіқадыров, Алматы қалалық студенттер Альянсының вице-лидері Руслан Абдигалиев, университеттің Болон үдерісі бойынша бюро төрағасы болған Қайыржан Мендіғалиев, университеттік «Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрайымы болған Алия Қарақожаева және т.б. жастар ұйымының дамуына өз үлестерін қосуда.

Экономика және бизнес Жоғары мектебінің деканы Баян Жүндібайқызы Ермекбаева студенттердің оқу жылында университеттің, факультеттің жұмыстарына белсене атсалысқан және білім алу мен өнерді қатар алып жүрген үздік студенттеріміздің ата-аналарына білімді де тәрбиелі, талантты ұрпақ тәрбиелегендері үшін Жоғары мектеп ұжымы атынан Алғыс хаттарды саптанатты түрде тапсырды.

Л.А. БИМЕНДИЕВА,
э.ғ.к., доцент,

ЭжБЖМ деканының орынбасары

ҒЫЛЫМНЫҢ БИІК ШЫҒЫНДАЙ

Биыл Эксперименттік және теориялық физика ғылыми зерттеу институтына қарасты криофизика және криотехнологиялар лабораториясына 25 жыл толып отыр. Бұл лабораторияның негізі 1988 жылы қаланған.



Қазіргі кезде бірнеше мемлекетпен тәжірибе алмасу шарттарын жасасқан бұл лаборатория негізі айқындалған, мәртебесі биік, тәжірибесі шындалған үлкен зерттеу лабораториясына айналды. Лабораторияға профессор Андрей Дробышев жетекшілік етеді.

Негізгі зерттеу бағыты – Қазақстанда төменгі температуралы технологияларды дамыту. Өндіру нысаны сұйық азот және құрғақ мұз болып табылады. Бүгінде Қазақстандағы медициналық мекемелерге, Республикалық СЭС-ке, қан орталықтарына жетерліктей құрғақ мұз өндіріп, жеткізіп отыр. ҚазҰУ-дың оқу процесіне және ғылыми зерттеулеріне қажетті сұйық азотпен қамтамасыз етуде. Сонымен қатар азық-түлік саласындағы кәсіпорындар үшін газификация жүйелерін жасап, солармен ойдағыдай жұмыс істеуде. Олар: «Голд Продукт» АҚ, «Кока-Кола Алматы Боттлерс» АҚ, «PRG Bottlers» АҚ, «Масло Дел» ЖШС.

Лабораторияда инженерлік профильдің мамандарына және магистрлерге арналған арнайы курстар оқылады: Криофизика; Төменгі температуралы магнетизм; Криотехника және криотехнология; Асқынөткізгіштік физикасы; Криокристаллдар; Экспериментальды физика; Гелии физикасы;

Шын жүректен криофизика және криотехнологиялар лабораториясын мерейтойларымен құттықтаймыз! Бұл лабораторияға тек биіктерден көрінуді тілейміз!

А.С. КУБЕТАЕВА,

физика-техникалық факультеті,
жылуфизика және техникалық
физика кафедрасының маманы

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ

Практико-ориентированные идеи, внедренные школой кураторов-эдвайзеров при кафедре общей и этнической педагогики, помогают преподавателям по-новому взглянуть на учебно-воспитательный процесс и, качественно преобразовывая, управлять им.

Недавно преподаватели и студенты кафедры общей и этнической педагогики факультета философии и политологии проходили стажировку на Украине в Международном лагере «Артек», г. Ялта. Полученный уникальный международный опыт по воспитательной работе доцент З.М. Садвакасова, и ассистент преподавателя З.У. Уразбаева применили в мае на тренинге-практикуме: «Инновационные воспитательные технологии» на факультетах юридическом, философии и политологии.

Были представлены следующие современные воспитательные технологии и игры «Артбол», «Большие тайны маленького острова», «Эрудит-марафон», «Геокешинг», технология «Кардмейкинг» и другие. Как отметили кураторы-эдвайзеры, проведенные упражнения помогут им сформировать корпоративный дух коллектива, работать творчески и успешно социализировать личность студента в современных условиях.

З.М. САДВАКАСОВА, к.п.н., доцент,
З.У. УРАЗБАЕВА, ассистент преподавателя



На факультете филологии, литературоведения и мировых языков в честь профессора Алтая Аманжолова открыт учебный кабинет «Түркі өлемі»



Қ.А. ЯСАУИ

«ДИАУНИ ХИКМЕТТІ»

Халқымыздың ойлау мәдениетінің тарихы мен түп-төркіні көне түркі заманынан бастау алады. Әсіресе X-XII ғасырларда түркі тайпаларының ой-өрісі мен рухани мәдениеті ерекше дамыды. Дәл осы сәттерде елінің бірлігі мен татулығын, адамгершілік пен имандылықты, адалдық пен әділдік көксеген және оларды шығармаларына арқау еткен ғұламалар тарих сахнасына шықты. Олардың, ішінде асқан шеберлігі мен елге сыйлысы және қайырымдылық пен мейірімділікті, рухани тазалықты өмірлік ұстаным етіп, үндегендердің бірі, әулие атанған Қожа Ахмет Ясауи еді.

«Диуани Хикмет» («Ақыл кітабы») Қ.А. Ясауидің тұтас рухани әлемі мен болмысының көрінісі және XII ғасырда шағатай тілінде жазылған туынды. «Хикметтерді» оқи отырып, біз данышпанның өткен ғұмыры мен өмірлік ұстанымын, қайғы-қасіреті мен мұң-мұқтажын, арман-тілегін аңғаруымызға болады. Онда түркі мәдениеті мен ислам дүниесінің ерекшеліктері мен дәстүрлерінің қатар өрбігенін, сабақтаса өрілгенін байқаймыз.

«Диуани Хикметте» Қ.А. Ясауи адам бойында


кездесетін даңқұмарлық, күншілдік, өкізуділік, надандық, кекшілдік, алдау сынды жағымсыз әдеттердің болатынын өкінішпен айтады және оларға қарсы адамгершілік ойларын ислам дініндегі қағидалар арқылы түсіндіреді. Игілік пен зұлымдық, әділдік пен әділетсіздік сынды моральдық сипаттар адамның сенімі мен имандылығына байланысты өрбиді деп пайымдады. Мәселен, Қ.А. Ясауи: «Кімде-кім жамандық жасаса, ол күнәдан арыла алмайды, Кімде-кім жақсылық жасаса, ол құдайдың сүйіктісі болады», – дейді. Сондықтан да данышпан әрбір адамды имандылық пен ізгілікке, адамгершілік пен мейірімділікке шақырды. Қанағат пен ынсап түсініктеріне ерекше тоқталып, дүниәуи байлық пен құштарлықтың ең басты құндылық емес екенін айтады. Оның негізі адамның өз нәпсісін тыя білуінде және ол иманды адамның басты шартының бірі болып табылады.

Кереметі, қазіргі кезде де түбі бір түркі халықтары

«Диуани Хикметті» аудармасыз-ақ еш қиналмай оқи алады және ислам дінінен хабары бар адамға шығарма тілі өте жеңіл. Шығарманың лексикалық-географиялық ерекшеліктері мен этносипаттары Орталық Азиялық қалалардың бақтарындағы алуан жемістер мен райхан гүлдерінен сайын дала ерекшеліктерінің сарыны көбірек аңғарылады. Мәселен, отырықшы тайпалардың кәсіби тілінен гөрі, көшпенді жұрттың тұрмысына тән сөздер молырақ кездеседі: «құлын», «қаршыға», «сұңқар», «лашын», «аға-іні», «мал-мүлік», «бөрік», «сақал», «ата-баба», т.б. Бұл данышпанның мұрасы мен мирасының түркі, соның ішінде қазақ халқының болмыс-бітіміне, рухани әлеміне жат еместігін, керісінше рухани тамырларының бірі екендігін тағы да дәлелдей түседі.

Жақыпбек АЛТАЕҒ

философия ғылымдарының докторы, профессор,
философия және саясаттану факультеті,
философия кафедрасының меңгерушісі



Пәк адамға сый бар

Жомар Хақ нәсіп қылды сіздер үшін,
Жан-діліңмен қызмет қылмай, сіздер тілмен,
Аллах үшін айтамын: тапқын ар мен тазалық,
Пәк еместерге қалай сыйын берсін Аллам.

Қалай өтті өмірім

Өмірімнің қалай өткенін біле алмадым мен,
Ол жерде сұрар болса мен бишара не қылайын,
Қалай болар, жолға салсаң мен сорлыны,
Ол жерде сұрар болса мен бишара не қылайын,

Жолдан шығып, азғанымды білмедім мен,
Хақ сөзін құлағыма ілмедім мен,
Бұл дүниеден өтерімді білмедім мен,
Ол жерде сұрар болса мен бишара не қылайын,

Өткендерден ғибрат алып, жолға кірмей,
Бір сәт фәриад айтып, ол жерде оттай жанбай,
Күндіз-түні жүріпін өзімді білмей,
Ол жерде сұрар болса мен бишара не қылайын,

Құл Қожа Ахмет бұл дүниеде тәубе қылғын,
Тәубе қылып, жол басына барып тұрғын,
Қас құлдардай азығыңды алып жүргін,
Ол жерде сұрар болса мен бишара не қылайын,

Дүние менікі дегендер

Дүние менікі дегендер, жихан малын жиғандар,
Қарға-құзғындай болып лас-харамға батыпты.

Молда, муфти болғандар, жалған пәтуа бергендер,
Ақты қара қылғандар шын тамұққа кіріпті.

Қазы, имам болғандар, нахақ пәтуа қылғандар,
Есектей боп, мықшындап жүк астында қалыпты.

Харам жеген әкімдер мен пара алып жегендер,
Өз бармағын тістелеп, қорқып тұрып қалыпты.

Тәтті-тәтті жегендер, түрлі-түрлі кигендер,
Алтын тақта отырғандар топырақ астында қалыпты.

Момын құлдар, Аллага құлай сенгендер,
Шындықпенен жүргендер,
Дүние малын сарып етіп, жұмақ үрлерін құшыпты.

Құл Қожа Ахмет білмесең, Хақ жолына кірмесең,
Хақ жолына кіргендер Хақ дидарын көріпті.

Намық Кемал Зейбек: Қожа Ахмет Ясауи Жолы және таңдамалы хикметтер. / Аударған: Досай Кенжетай Тұрсынбайұлы // «Бойут-Таң»: Анкара 2003 – 255 б.

АДАМГЕРШІЛІК ІЛІМІ

Түркі жұртына есімі қастерлі Қожа Ахмет Ясауи қазақ халқының жадында қасиетті абыз, әулиелердің әулиесі, дін қайраткері ретінде сақталған. Қ.А.Ясауидің хикметтерінің мәні адам және оның рухани кемелділікке жетуі болып табылады. «Диуани Хикметте» діни-рухани сарындағы толғаулар мен адамгершілікті дәріптейтін насихаттар айтылады. Хикметтердің көпшілігінде күнә мен сауап, жетім-пақырларды жебеу, ренжітпеу сынды мәселелерді үнемі кездестіресіз. Мәселен, еңбектегі «жамал» ұғымы көркем болу деп аударылады. «Жамалулла» деп айтылғанда, Алланың рахымы, мейірімі, ізгілігі, ұлылығы сияқты қасиеттер мен ұғымдар қамтылады. «Ғәріп, пақыр, жетім хәлің, кім де кім сұраса, Разы болар, сол пендеден Пәруардігер» – дейді Қ.А. Ясауи. Мұнда адамның жетімдерге, мұқтаждарға және жалпы адамға деген қызметті меңзейді. Адамға деген қызмет кемелділік пен руханилыққа көтерілудің негізгі баспалдағы және өзіңнен өзгелердің қамын көбірек ойлау – Қ.А. Ясауидің адамгершілік іліміне тән нәрсе. Дүниеге қызығып, бай болып, шүкіршілік етпесе, сабыр сақтамай қажетінен жоғары нәрсені талап етсе, адамның өзіне парыз деп санаған нәрселерден алшақтағаны деген сөз.

Адамның өз мақсатынан адасуы келеңсіз түрлі жағдайлар мен оқиғаларға соқтыртуы мүмкін. Сәйкесінше, ол қауіпті. Адамның мақсатынан үнемі

адастырып отыратын оның нәпсісі болып табылады. Сондықтан да адам өз-өзін өзгелерден төмен санап, артықшылық пен мәнмендіктен, мантаншақтықтан бойын аулақ ұстауы қажетті. Нанымы мен сеніміне қарай адамдарды бөлмеу, сыртынан үкім шығармау керек екенін де Қ.А. Ясауидің хикметтерінен аңғарамыз:

Сүннет екен, көпір де болса, берме азар,
Көңілі қатты, діл азардан Құдай безер.
Алла Хаққы, ондай құлға тозақ даяр,
Даналардан естіп, бұл сөзді айттым міне.
Яғни, адамның бойындағы қуатты күш иман болса, ол – күш көрсету мен зорлық-зомбылыққа, тіпті ренжітуге де жол жоқ деген сөз. Өз сенімің мен түсінігіңе берік болып, өзгелерге құрмет пен сүйіспеншілікті сақтау қажет.

Қ.А. Ясауи хикметтері арқылы дәстүрлі түркілік дүниетаным құндылықтарының мазмұнын исламдық мән арқылы байытты, адамның шынайы рухани еркіндігі мен мәнінің танылуы жайлы ой қозғады. Оның пайымдауында шынайы еркіндіктің негізі ислам болып табылады. Адамның кемелденуіндегі ғашықтың жағдайы – рухани қуанышқа бөлену екендігін ойшылдың хикметтері айқындай түседі.

Жадыра ӨМІРБЕКОВА,
философия кафедрасының
2-курс студенті

Ұстаз - білім шырағы

Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, ікемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық – ұстаздық. Олай дейтінім, мұғалім – біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді ойнына алған маман. Осындай қызығы да, қиындығы мол мамандықты менің де таңдауыма себепкер болған баға жетпес ұстаздардың бірі – экономика ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЭЖБЖМ «менеджмент және маркетинг» кафедрасының меңгерушісі Қарлығаш Сапарқызы. Шәкірттерінің жүрегіне ізгілігімен, өжеттілігімен, қатаң талап қоя отырып, үйретуден жалықпайтын ұстазымыз Қарлығаш Сапарқызының орны ерекше.



Ғылыми лауазым мен ғылымға деген махаббатты Қарлығаш Сапарқызы бала кезінен бойына сіңірген. Әкесі Мұхтаров Сапар диссертациясын плазмалық физика бойынша Эстонияда қорғаған. Ол 10 жыл физика кафедрасының меңгерушісі қызметін, 11 жыл ҚазМемҚызПУ-да физика-математика факультетінің деканы қызметін атқарған. Тыл шебінің қатысушысы болған. Физика-математика ғылымдарының кандидаты болып табылады. Ал анасы Мұхтарова Алма – дәрігер-терапевт, Алматы қаласындағы Мемлекеттік медицина институтын бітірген, тыл шебінің қатысушысы болған.

Бұлар Қарлығаш Сапарқызының жоғарғы кәсіби біліктілігі мен басқару тәжірибесі бар тұлға болып қалыптасуына зор әсер етті.

Кәсіби біліктілігі, жауапкершілігі жоғары, өз жұмысына жоғары талаппен қарайтын, еңбекқор Қарлығаш Сапарқызы университет шеңберінде ұйымдастырылатын қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытып, студенттерге тағылымды үлгі беріп келеді.

Бүгінгі күні әрбір маман күнделікті еңбегінде түрлі кездейсоқ жайттардың туындап отыратынын алдын ала сезіп, болжап және оның оң шешімін табуға әрдайым дайын болуы керек. Осы жолда рухани күш-жігерін, парасат-қуатын салу керектігі айтпаса да түсінікті. Бұл әркімнің қолынан келе бермейтін, ерекше талантты қажет ететін, бай қиялды адамға тән қасиет болып табылады. Дәл осындай барлық құндылықтар Мұхтарова Қарлығаш Сапарқызының бойынан табылады деп толық сеніммен айтуға болады.

Меруерт НҰРМАҒАНБЕТ,
ЭЖБЖМ оқытушысы

Сөзстанға саяхат

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бас-тамасы және қолдауымен жүзеге асып жатқан мемлекеттік бағдарлама бойынша еліміздің бірқатар жоғары оқу орындарында Ауғанстан Ислам Республикасынан жыл сайын мыңнан аса жастар тегін білім алуда. Осыдан үш жыл бұрын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде бір жыл көлемінде білім алған Ауған студенттерінің алдыңғы легі бүгінде Еуразия ұлттық университетінде, С. Сейфуллин атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде, Қазақ Сәулет және Құрылыс Бас Академиясында және университетіміздің халықаралық қатынастар, журналистика факультеттерінің 2-курсын тәмамдап отыр. Ауған жастарының тіл үйренуге

құлшыныстары жоғары. Сегіз-тоғыз ай ішінде олар қазақ тілінен мыңға жуық сөзді меңгерумен қатар, өз ойын дұрыс жеткізе алатындай сөйлемдер құрай бастайды.

Әрине, аз уақытта тілді меңгеру үлкен қажырлылықты, тынымсыз еңбекті қажет етеді. Бұл ретте тіл үйретушінің де еңбегі ұшан-теңіз. Жақында ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының доценті Р.Р.Өбішева «Сөзстанға саяхат» тақырыбында ашық саяхат дәрісін өткізді. Бұл дәрістің мақсаты – Ауған тыңдаушыларының жыл бойы үйренгендерін қорыту, нәтижесін көрсету. Әрі шетелдік жастардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру, Отанымыздың тарихы, дәстүрімен таныстырып, насихаттау. Саяхат сабағының тағы бір

Ұстаз тұтар ардақты жанның тағылымы биік, жаны таза, көкірегі ояу, білімі жетік, жүзі жылы болса, білікті ұстаздың өнегесі шәкіртіне де қонары сөзсіз. Осындай біздің асыл жанды, ардақты ұстазымыздың бірі әрі бірегейі – з.ғ.к., профессор м.а. Атаханова Салтанат Кәрібайқызы.



Практикум» және сол сияқты 4 оқу құралы алыс-жақын шет елдерде және еліміздегі басылымдарда жарық көрді. Әрине жан-жақтылық пен ізденістің арқасында қаншама еңбектері мен ғылыми жұмыстары өз саласындағы мамандар мен оқырмандардың, шәкірттердің тарапынан жоғары бағаланып, азаматтық іс жүргізу құқығы саласында талай жаңалықтардың ашылуы мен теориялық ұштасуға әкелгені анық.

Өз кезегінде біздің де Салтанат Кәрібайқызынан үйренеріміз көп. Жанына жақындағаннан-ақ ұстаздық ұлылық

Тағылымы биік тұлға

Өнегесі мен өмірлік ұстанымы биік Салтанат Кәрібайқызының азаматтық іс жүргізу саласындағы «ТМД және Шығыс Еуропа мемлекеттерінің азаматтық сот ісін жүргізуге байланысты халықаралық шарттарға қатысу мәселелері», «Қазақстан Республикасындағы сот билігінің қалыптасу кезеңдері және азаматтық сот ісін жүргізудің негізгі қызметтері», сондай-ақ, «Еуропалық Одақ аясындағы азаматтық сот ісін жүргізудің кейбір мәселелері» сияқты 40- тан аса ғылыми жұмысы мен «Сот отырысында; Тәжірибе», «Азаматтық іс жүргізу құқығы.

пен аналық мейірімге толы жылылықты сезінесің. Салтанат Кәрібайқызының сабырлылығы мен салиқалы тәліміне таң қаласың. Ел ертеңі жас заңгерлер мен білікті құқық саласындағы мамандарды тәрбиелеуде өнеге көрсеткен, жол көрсетуші ұстазымыз Салтанат апай табиғатынан өте кең адам, өз саласының жетік маманы. Ұстазымыз Салтанат Кәрібайқызына шәкірттері атынан алғысымыз шексіз!

Кәмшат РАЙЫМБЕРГЕНОВА,
заң факультетінің 3-курс студенті

Ағылшын тілін игерудің маңызы зор

Қазіргі таңда жоғарғы оқу орындарында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану заманның басты талабы болып отыр.

Бұл тек жаңа техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар, инновациялық оқыту әдістерін сабақ барысында қолдану және оқыту үдерісіне жаңаша көзқараспен қарау болып табылады.

Жалпы шет тілін оқытуда студенттердің өзге тілде еркін қарым-қатынас жасау қабілетін арттыру көзделетіндіктен, практикалық сабақтарда инновациялық оқыту әдістерін қолдану өте маңызды. Қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды, ақпараттық және мультимедиялық оқу құралдарын пайдалану тіл үйретуде студенттердің ынтасын арттыруға және оқытушыға сабақты мазмұнды да тиімді өткізуіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ шетел тілін үйретуде пәнаралық байланыс тәсілдерін қолдану барысында қазақ және орыс тілдерінің лексикалық және грамматикалық жүйелерін қолдана білуді меңгергенде, студент өз ойын шет тілде еркін жеткізе білу құзіретіне ие болады. Қазіргі уақытта университетіміздің студенттері әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша дәріс алуға зор мүмкіндіктері бар. Осы орайда, жоғары оқу орындары инновациялық технологияны жеткілікті меңгерген, білікті де, білімді ҚазҰУ студенттері өз елінің және шетел мәдениетінің өкілдері арасында дәнекер рөлін атқара алатына сенімім мол.

Қ.Ә. АЙСҰЛТАНОВА,
гуманитарлық факультеттерге арналған шет тілдер кафедрасының меңгерушісі, доцент

ерекшелігі – дәрісті тыңдаушылардың ұлы Абайдан бастап қазақ ақын-өздері жүргізді.

Тыңдаушылар, алдымен, өздерін қазақ тілінде таныстырып өтті. Өздерінің қай мемлекеттен келгендіктерін, Қазақстанның астанасы, мемлекеттік тілі және Алматы қаласы жайлы қысқаша әңгімелеп берді. Сондай-ақ тілді неғұрлым тез әрі терең меңгеруге ықпал ететін мақал-мәтелдерді Ауған тыңдаушылары жатқа айтып қана қоймай, олардың мағынасын өз шамашарқынша түсіндіріп берді.

Бізді шетелдік жастардың

ұлы Абайдан бастап қазақ ақын-жазушыларының есімдерін ғана біліп қоймай, олардың шығармашылығымен таныс болуы, өлеңдерін жатқа айтуы тәнті етті. Сабақ барысында Ауған жастарының өзге тілге деген құрметін, білімге деген құштарлығын, тіл үйренуге деген ынтасын байқадық. Ең бастысы, қиын да қызықты ұстаз еңбегінің зая кетпейтіндігіне тағы да көз жеткіздік.

Н.Ө. АЛДАБЕК,
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

Студенты факультета биологии и биотехнологии заняли три призовых места в конкурсе научных работ НИИ почвоведения и агрохимии и были удостоены стипендии им. У.Оспанова

МЕН БАҒЫН - ЖАҢЫ САУ

Денсаулық – зор байлық кепілі. Жуырда Алматы қаласының әкімшілігі қолдауымен өткен веложарысқа әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы қатысты.



Ректор Ғалым Мұтанұлы бастаған университет басшылығы және әр факультеттің белсенді оқытушылары сергек көңілмен, аса жауапкершілікпен әл-Фараби даңғылымен Президент саябағына дейінгі маршрутты абыроймен жүріп шықты. Осы шараға қатысушылардың бірі ретінде мен керемет сезімге бөлендім. Таң атысымен таза ауада велосипед теуіп, қуанышқа бөлендім. Мұндай сәтте өзіңізді қанат біткен құстай сезінеді екенсіз. Барша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қауымына айтарым: «Пайдалы іс-шара жалғасын тауып, қатысушылар қатары көбейе берсін! Спортпен шұғылданыңыздар!»

Т.А. БАЗАРБАЕВА,
география және табиғатты пайдалану факультеті,
энергоэкология кафедрасы меңгерушісінің орынбасары

VII ЖАЗҒЫ УНИВЕРСИАДАДА ЖҮЛДЕЛІ БОЛДЫҚ

Жуырда Павлодар қаласында ұлттық ойынымыз тоғызқұмалақтан Қазақстан Республикасының жетінші жазғы универсиадасы өтті. Мұнда еліміздің әр аймағынан жиылған жалпы 23 команда бақ сынады. Ұлдар арасында командалық есепте М.Х.Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік университеті 3-орынды қанағат тұтса, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұлттық университеті 2-орынды иеленіп, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар болып, алға суырылып шықты. Тоғызқұмалақтан университетіміздің қыздар командасы да жүлделі орындардың қатарынан көрінді. ҚазҰУ қыздары 3-орынмен оралып, 2-орынды Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті иеленсе, алғашқы орынға С.Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік университеті жайғасты.

Жекелей тартыста да университетіміздің қырандары жүлделерге ие болды. Атап айтқанда,

тоғызқұмалақтан спорт шеберлері Ернұр Алиакбар 2-орын, Ержан Жакупов 3-орын, спорт шеберіне үміткер Қайсар Бектемеров 2-орынды қанжығасына байлады. Сонымен қатар ҚазҰУ ұлдар командасының құрамында спорт шеберіне үміткер Дінмұхамбет Байымбетов пен бірінші разрядтағы ойыншы Шерзод Баратов бақтарын сынады. ҚазҰУ қыздар командасында спорт шеберіне үміткерлер Алтынгүл Нағымова жекелей ойында 3-орынға тұрақтап, Арайлым Есіркепова мен бірінші разрядтағы ойыншы Ақжан Карбозова үздік ойын көрсетті.

Қорыта көлгенде, алтыншы универсиадамен салыстырғанда биыл ойыншыларымыз алға жылжығаны байқалады. Еске сала кетсек, алтыншы универсиаданың нәтижесі бойынша, ҚазҰУ қыздары 3-орын, ал ұлдар командасы 5-орынды қанағат тұтқан еді. Жыл бойына өткізілген жарыстар өз нәтижесін берді.

А.Ш. МОЛДАХМЕТОВА
Н.О. БАЙЗАҚОВ



ҚазҰУ - СТУДЕНТТІК СПОРТТЫҢ БИІК ШЫҒЫНАСЫ

ҚазҰУ тек білім-ғылымға ғана бай емес, студенттік спортта да басқа да жоғары оқу орындарына үлгі болатындай деңгейде өкөндігі биылғы оқу жылында тағы да бір дәлелденді.

Университет ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор, академик, ЦСРО-ның дзюдо күресмен спорт шебері, ҚР спортының еңбек сіңірген қайраткері, Шығыс жекпе-жек ассоциациясының вице-президенті Ғалым Мұтановтың қолдауымен ҚазҰУ студенттері жоғарғы оқу орындары арасында өткізіліп жатқан биылғы VII жазғы Универсиадада сәтті өнер көрсетіп, мақтануға тұрарлық үлкен спорттық жетістіктерге жетті.

Қазіргі таңда ҚазҰУ спортшы-студенттері қазақ елінің намысын байрақты бәсекелерде абыроймен қорғап жүр. Олар өлемдік спортта өздерін мойындатқан университет түлектері: Сидней Олимпиадасының чемпионы - Ермахан Ыбрайымовтың (заң факультеті), Бейжің Олимпиадасының күміс жүлдегері - Асхат Житкеевтің (заң факультеті), Лондон Олимпиадасының чемпионы - заң факультетінің студенті Светлана Подобедова сияқты университетіміздің көптеген атақты спортшыларының жеңісті жолдарын жалғастыруда.

Спорттық жетістіктерге жету жолында спортшы-студенттердің оқу процесі барысында кездесетін өзіндік қиыншылықтары да жетерлік. Республикалық және

халықаралық түрлі деңгейлердегі жарыстарға қатысуға дайындалу үшін өткізілетін оқу-жаттықтыру жиынына, түрлі деңгейдегі турнирлер мен аламан жарыстарға қорытынды сессия кезінде қатысуына тура келеді. Осыған ұқсас басқа да қиындықтарға қарамастан спортшы-студенттеріміз университет мәртебесі үшін спорт алаңдарында намысқа тырысып, аянбай еңбектену нәтижесінде қанжығаларын «алтынмен аптап – күміспен күттеп» жүр.

Қорыта айтарымыз, спорттық жарыстарда, бүкіләлемдік спортшы-студенттер қатарында ҚазҰУ студенттерінің жеңісі басым болып, жеңістің көк байрағын желбіретіп, ұзақ елінің, ҚазҰУ-дың беделін қулатпасын!

Ж.Б. САБЫРБЕК,
дене тәрбиесі және спорт
кафедрасының оқытушысы, PhD

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Беттеуші – Айжан ЖАҚЫПОВА
Фототілшілер: Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ, Асқар ТАМАШ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 10603

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.